

**«Туған жерге саяхат. Ұлы даланың жеті қыры.
Ұлы даладағы ежелгі металлургия» тақырыбына дөңгелек үстел
ЕСЕБІ**

2020 жылы 21 ақпанда «Энергетикалық жүйелер» кафедрасының базасында «Туған жерге саяхат. Ұлы даланың жеті қыры. Ұлы даладағы ежелгі металлургия» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Ұйымдастырушылар:

Энергетикалық жүйелер кафедрасының ассистенті, ЭЭ-17-1, ЭЭ-17-1с топтарының кураторы Дюсембина А.Г.


Энергетикалық жүйелер кафедрасының ассистенті, ЭЭ-19-1с топтарының кураторы Кенжебек А.С.

Қатысушылар:

ЭЭ-17-1, ЭЭ-17-1с, ЭЭ-19-1с тобының студенттері.

Дөңгелек үстел бас корпусының 108 аудиториясында өтті. Бірінші президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жер» бағдарламасын халыққа ұсынды. Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

Дөңгелек үстелде Ұлы даланың жеті қыры: 1. Атқа міну мәдениеті, 2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия, 3. Аң стилі, 4. Алтын адам, 5. Түркі әлемінің бесігі, 6. Ұлы жібек жолы, 7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны туралы көптеген мәліметтер жинақталып, кең көлемде презентация жасалынды. Презентация студенттердің қатысуымен аудитория көлемінде қорғалды. Сонымен қатар дөңгелек үстелдің негізгі тақырыбына қатысты интеллектуалды ойындар ұйымдастырылып топ студенттерінің қатысушылығымен ойналды. Интеллектуалды ойын жүргізілу барысында студенттер көптеген қызықты және маңызды мәліметтермен танысты. Ұлы даладағы ежелгі металлургия тақырыбына сөзжұмбақ жасырылынды.



ЭЖ кафедрасының меңгерушісі м.а.

ЭЭ-17-1, ЭЭ-17-1с тобының кураторы

ЭЭ-19-1с тобының кураторы

Таранов А.В.

Дюсембина А.Г.

Кенжебек А.С.